


# Жетістікке жету үшін тұлғаға қажетті құзыреттіліктер

Проблеманы шешу құзыреттілігі

Ақпараттық құзыреттілік



Коммуникативтік құзыреттілік

## Ақпараттық құзыреттілік

- сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, жоспарлауға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға;
- ақпаратты өз бетінше табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге және ақпараттарды тасымалдауды оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;
- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, қорыту, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеме, ұқсастығы бойынша дәлелдеме, моделдеу, ойлау эксперименті, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпараттарды өңдеуге;
- қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға.

Аспект	
Ақпараттық ізденісті жоспарлау	<ul style="list-style-type: none"><li>- ақпаратты белгілі мен белгісізге бөледі;</li><li>- қойылған міндетті шешу үшін берілген тізімнен ақпараттың қайсысын меңгергенін, не меңгермегенін көрсетеді;</li><li>- ұсынылған ақпараттан қойылған міндеттерді шешуге қажетін бөліп алады.</li></ul>
	<ul style="list-style-type: none"><li>- анықтамалықтарды, энциклопедияларды қолданады, мазмұны бойынша кітаптарға және сілтемелер бойынша сайтқа бағдар жасайды.</li></ul>



## Аспект

Алғашқы  
ақпаратты  
бөліп алу

- бақылау (қойылған міндеттерге сәйкес жоспар бойынша эксперимент) жүргізеді;  
- ақпаратты адамға сұрақ қоя отырып алады;  
- ақпаратты көркем образды мазмұнды қайнар көздерден бөліп алады.

Қайта  
алынған  
ақпаратты  
бөліп алу

- екі немесе одан көп берілген бөліп алады және жүйелейді (қайнар көз: мазмұны қолданылған ақпараттан тұратын 1-2 қарапайым қайнар көздерден).



## Аспект

Ақпаратты  
алғашқы  
өңдеу

- алынған ақпаратты қарапайым берілген құрылым аясында жүйелендіреді (1 белгі бойынша).
- қарапайым ақпараттарды графикалық түрінен мәтінге немесе керісінше ауыстырады.


Ақпараттард  
ы өңдеу

- алынған ақпаратты нақты бөліп алады.
- ақпараттың жеткіліксіздігін немесе түсініксіздігін көрсетеді.
- ұсынылған қайнаркөздегі ақпараттан дәйектер мен қорытынды таба біледі.

## Аспект

Ақпаратты өңдеу кезінде логикалық операцияларды пайдалану

- түсіндіреді, дәйектемені бағалайды;
- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес түсіндіреді және таратады;
- берілген негізге сүйеніп жіктейді.
- түсініктердің белгілерін, нысанды, құбылысты бөліп алады және олардың бастысын және жанамасын бөледі;
- сәйкестігі мен қайшылығын табады.



## Коммуникативтік құзыреттілік

- нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін ана, мемлекеттік және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- стиль мен жанрды қатысымдық міндеттердің барабар шешімдерін тандауға және қолдануға;
- қазақстандық және әлемдік мәдени мұралардың негіздерін білу, ақпараттық мәдениетін дамытуға;
- Қазақстан Республикасы азаматының құқығы мен міндетін білу және сақтау, елдің мемлекеттік саясатын түсіну мен қадірлеуге;
- ұлтына, діни нанымына, мәртебесіне, жынысына және т.б. қарамастан, өзге мәдениет пен түсініктегі адамдарға төзімділік таныту, өзге көзқарастағы, ұстанымдағы мәдениет өкілдерімен құндылықты-саналы ынтымақтастыққа дайын болуға;
- мәдени және шығармашылық жұмыстарға қатысу, тұлға мен қоғамды қалыптастыратын мәдениеттің маңызды тұстары мен аспектілерін түсіну және қадірлеуге.

## Аспект

Жазбаша қатынас

- қарапайым құрылымдағы жазбаша байланысудың стандартты өнімдері нысанында өз ойын ресімдейді;
- үлгіде берілген мәтінді ресімдеу нормаларын сақтай отырып, сұрағын қосымша графикада баяндайды.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу

- баяндаманың жоспарын дайындайды;
- көпшілік алдындағы баяндаманың нормасы мен шегін сақтайды;
- өз баяндамасының мағыналық блоктарын ерекшелену үшін үзілістер пайдаланады;
- нақтылау мен түсінуге берілген сұрақтармен жұмыс жасайды.



## Аспект

### Диалог

- монолог, диалог, пікірталаста (топ) нақты/бағалау ақпараттың негізгі мазмұнын қабылдайды;
- әңгімені нормаға сәйкес бастап, аяқтайды, диалог форматы мен мақсатына сәйкес сұрақтар қояды және жауап береді.

### Өнімді топтық қатынас

- оқушы топтық талқының іс-әрекетіне өз бетімен ілеседі;
- оқушылар топтық жұмыс тапсырмаларына сәйкес жауап береді (іс-әрекетті орындайды);
- оқушылар өз ойларын ұсына отырып түсіндіреді немесе топтың өзге де мүшелерінің идеяларын өз қарым-қатынастарын дәйектейді.



## Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі

- әртүрлі жағдайдағы проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға өз шешімінің нәтижесін бағалауға дайын болу;
- өз қызметіне мақсат қоюға, оны іске асыру үшін қажетті жағдайларды анықтауға, ондағы жетістіктерге жету процестерін жоспарлауға және ұйымдастыруға дайын болу (яғни, барабар міндеттерге технологиялар әзірлеу);
- өзіндік бағалау мен қорытынды жасауға, өзінің әрекеті мен оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыруға дайын болу;
- өзі үшін барабар жағдайлар, іс-әрекет пен мінез-құлық нормаларын таңдауға дайын болу;
- барабар қойылған міндеттерге технологиялар таңдауға, технологияларды нақты қадағалауға мүмкіндік туғызуға дайын болу.



## Аспект

Проблеманы  
сәйкестендіру  
(анықтау)

- мұғалім құрастырған проблеманы шешуге қай тұрғыда келетінін түсіндіреді;  
- шынайы және ойлаған жағдаяттардың бір-бірінен айырмашылығын көрсете отырып, сипаттайды.

Әрекетті  
жоспарлау  
және мақсат  
қою

- міндеттерді шешу қадамдарының логикалық және уақытша бірізділігін анықтайды және құрайды.

Технологиялар  
ды қолдану

- технологияны нұсқаулықпен қатаң сәйкестікте жүргізеді.

## Аспект

Ресурстарды жоспарлау

- белгілі әрекеттерді орындау үшін қажетті ресурстарды атайды.

Қызметті бағалау

-өзі іс-әрекетіне бақылауды тапсырылған тәртіппен орындайды.

Қызмет өнімінің нәтижесін бағалау

- жоспарланған және алынған өнімнің сипаттамаларын салыстырады және өнім сапасына сәйкес қорытынды жасайды;  
- өз әрекетінің өнімін берілген өлшемдер мен тәсілдерге сәйкес бағалайды.

Өзіндік қозғалысын бағалау

-өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсетеді;  
-өз қызметіндегі қызығушылығын атайды.

